

***ОҒЫЗ***  
***МЕМЛЕКЕТІ***  
***(IX-XI Ғ.Ғ.БАСЫ)***

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық  
Қазақ-Түрік Университеті**

**СӨЖ**

**Тақырыбы: Оғыз мемлекеті**

**Орындаған: Айтқұлов,М  
ЖМ-422**

**Тексерген: Примкулова,Г**

**Түркістан 2015ж**

# Жоспар

Кіріспе.

Негізгі бөлім

- *Оғыз мемлекетінің құрылуы*
- *Этникалық және тайпалық құрамы*
- *Оғыздар қазақстан аумағында*
- *Шаруашылығы мен тұрмысы*

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

# КІРІСПЕ

- **Оғыз мемлекеті** (9 ғасыр—11 ғасырдың басы). 9-10 ғасырлар Сырдың орта, төменгі ағысында, сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қосып алатын территориясында оғыз тайпаларының саяси бірлестігі құрылды. «Оғыз» деген терминнің этимологиясы әлі де анықталмаған. Махмұд Қашқари, Марвази еңбектерінде, оғыздарға жататын руларды атап кеткен: қынық, баят, язғыр, имур, қарабулақ, тутырка, т.б. Оғыздар 2 экзогамды фракциядан құрылған. Бұлар — бузук және үшүк (учук). 8 ғасыр ортасында түргештер мұрасы үшін қарлұқтармен болған күресте оғыздардың едәуір бөлігі Жемісуды тастап, Шу алқабына кетеді. Осы жерде олардың «Көне Гузия» деп аталатын ордасы болды. 9 ғасыр бас кезінде оғыздардың көсемі қарлұқтармен, қимақтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін күйретеді, сөйтіп Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірі мен даласын басып алады. 9 ғасыр соңында олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жеңеді де, Орал мен Еділ арасын қоластына қаратады.
- Печенегтермен соғыс олардың саяси бірлігін күшейтіп, тайпалардың оғыздық одағын құруға мүмкіндік берді. Оғыздар құрамына Сырдария алқабы мен Арал-Каспий далаларының үнді-европа, финн-угор тектес ежелгі компоненттері және Жемісу мен Сібірдің халаджылар, жағарлар, чаруктер, қарлұқтар, имурлер, байандұрлар тайпалар кірді. Оғыздардың этникалық қауымдастығының құрылуы ұзақ процесс болды.
- 9 ғасыр соңы мен 11 ғасыр басында оғыз тайпалары Сырдың төменгі ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан зор территорияны мекендейді. Оғыздар туралы алғашқы деректер 9-10 ғасырлардың басы араб деректерінде мысалы, әл-Якубидің (9 ғасыр) еңбегінде айтылады.

# Оғыз мемлекеті

*Аумағы*

*Сырдария-Еділ  
аралығы*

*Астанасы*

*Янгикент(Жаңа  
Гузия).*

*Билеушісі-жабғу.*

*Орынбасары-күл-  
еркін.*

*Әскербасы-сюбашы.*

Бұлғарлар

Құмандар

Қимақтар

Хазарлар

ОҒЫЗ мемлекеті

Янгикент

Сығанак

Дженд

даласы

ОҒЫЗ

Хорезм

Қарахан мемлекеті



# • Оғыздар Қазақстан аумағында

- Оғыз тайпалары кең-байтақ жерді мекендеді. Оғыздардың қоныстары Ырғызда, Жайықта, Жемде, Ойылда, Аралсор көлінің оң жақ жағасында болды, шығыста оғыздардың кейбір топтары Балқаш көлінің оңтүстік жағасына дейін барды, мұнда олардың Ғорғұз деген бекінісі болды. Оғыздар, сондай-ақ Арал маңын, Сырдария аңғарын, Қаратау баурайын, Шу өңірін мекендеді; бірақ олар бұл жерлердің бәрінде бірдей көп болған жоқ. Олар Каспийдің солтүстік өңірінде, Сырдарияның төменгі ағысында мейлінше тutas қоныстанды. Оғыздар билеушілерінің бірінің бекіністі ордасы Дахлан қаласы болды. «Нұзхат әл-мұштақ» шығармасында оғыздардың әскері көп болғаны және олардың Таразға жасаған шапқыншылықтары туралы айтылады. Соғыстардан кейін бітім жасалып, сауда жүргізіліп тұрды. Мұнда Шаштан мұсылман көпестері келіп, мал, негізінен түйе мен жылқы сатып алып жүрген

## *Халқы*

ОҒЫЗ

тайпалары:

**қалаж, жағра,  
жарұқ, қарлұқ,  
баяндұр, имур,  
қарабұлақ**

## *Тайпа*

*М.Қашқаридің дерегі бойынша оғыз одағында 24 тайпа болған. Олар бұзұқтар мен ұшұқтарға бөлініп, бұзұқтар артықшылықтарға ие болған.*



# • Этикалық және тайпалық құрамы

- Атақты Оғыз ханның [Таластан Еділге](#) дейінгі аралықтағы жерлерді жаулап алғаны туралы тарихи аңыздарда, оның әскерлерінде өздерін «октуғра-оғызбыз» деп атайтын бірнеше мың үйдің болғаны айтылады<sup>90</sup>. Бұл атаудағы «оқ» деген термин назар аудартады, ол «жебе», «ру», «тайпа» деген ұғымдарды білдірген. Айтарлықтай бір жай сол, неғұрлым кейінгі кезде жебе белгісі ұшұқтардың — оғыз әскерінің сол қанатына жататын бір фратрияның эмблемасы болды.
- [Махмуд Қашқари](#) оғыздар алғашында 24 тайпадан құралған дейді. Алайда неғұрлым кейінгі авторлар оның ішінде Марвази оғыздардың 12 тайпасы жөнінде ғана айтады. Деректемелердің айырмашылықтарын оғыздардың екі экзогамиялық фратрияға: тиісінше олардың әскерлерінің оң және сол қанатына кірген бұзұқтар мен үшұқтарға бөлінуімен түсіндіруге болар. Әрбір топта 24 тайпадан болды, бұлардың өзі де тепе-тең екіге бөлінеді

*соғыстары*

*Діні*  
*Пұтқа табыну,*  
*шаманизм,*  
*кейінірек ислам*

**ОҒЫЗ**  
**мемлекеті**

Басқарушылардың  
ұрпақтары-**иналдар**.  
Оларды **атабектер**  
**(тәрбиешілер)**  
тәрбиеледі.

*Оғыз мемлекетінің*  
*қоныстанған жерлері.*  
*Батыста Хазарияға дейінгі*  
*жер, солтүстік Каспий*  
*маңы, орталық, оңтүстік-*  
*шығыс Қарақұм және Арал*  
*маңындағы Қызылқұм*  
*аймағы*

# • Шаруашылығы

Жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мал шаруашылығы

- Егін шаруашылығы
- Кәсіпшілік пен қолөнер
- Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси әскери тарихында елеулі рөл атқарды. 965 жылы оғыз жабғуы мен Киев князі Святослав арасында Хазарларға қарсы әскери одақ құрылып, Хазар қағанатын талқандайды. Бұл одақ екі жақтың да көздеген мақсаттарынан, сауда-экономикалық мүдделерінен туындады. Егер Хазар мемлекетін талқандау орыс көпестері үшін Шығыс елдерінің бай базарларына жол ашса, оғыздар үшін Дон, Қара теңіз маңындағы далалар мен мал жайылымдары қажет болды. 985 жылы князь Владимирмен одақтасып, Еділ бұлғарларын талқандауға қатысады. X ғасырдың соңы - XI ғасырдың басында оғыз мемлекеті құлдырай бастады. Бұл, бір жағынан, Әлихан тұсындағы алым-салықтың өсуіне халық наразылығының күшеюімен, екінші жағынан, Шығыстан төнген селжұқ тайпаларының толассыз шабуылдарымен түсіндіріледі. Әлиханның мұрагері Шах Мәлік тұсында Оғыз мемлекеті қайта күшейді. Тіпті 1041 жылы Хорезмді басып алды. Араб деректерінде «Мафазат әл – Ғұз»

## Пайдаланылған әдібеттер

1. Қазақстан тарихы бес томдық (1- том) – 491 бет
2. С. Жолдасбайлы «Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ елінің тарихы» - 203 бет
3. Қазақстан тарихы очерктер – 81 бет
4. Г. В. Кан, Н. У. Шаяхметов «Қазақстан тарихы» - 55 бет

*Назар қойып  
тыңдағандарыңызға  
рахмет!*